4 ТДМ міндеттері

4.1 2030 жылға қарай барлық қыздар мен ұлдар оқытудың қажетті және тиімді нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін тегін, тең құқылы және сапалы бастауыш және орта білім алуды аяқтауын қамтамасыз ету

4.2 2030 жылға қарай барлық қыздар мен ұлдарға сапалы даму, күтімге және бастауыш білім алуға дайын болуы үшін кіші жастағы балаларға мектепке дейінгі оқыту жүйелеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету

4.3 2030 жылға қарай барлық әйелдер мен ерлер үшін қымбат емес және сапалы кәсіптік-техникалық және жоғары білімге, оның ішінде университеттік білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету

4.4 2030 жылға қарай жұмысқа орналастыру, лайықты жұмыс алу және кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін қажетті дағдыларға, оның ішінде кәсіби-техникалық дағдыларға ие жастар мен ересек адамдардың санын едәуір ұлғайту

4.5 2030 жылға қарай білім беру саласындағы гендерлік теңсіздікті жою және халықтың осал топтары, оның ішінде мүгедектер, тұрғылықты халықтар мен осал жағдайдағы балалар үшін барлық деңгейдегі білім мен кәсіптік-техникалық дайындыққа тең қол жеткізуді қамтамасыз ету

4.6 2030 жылға қарай барлық жастар мен ересек халықтың, ерлер мен әйелдердің айтарлықтай үлесі оқып, жаза және санай білуін қамтамасыз ету

4.7 2030 жылға дейін барлық оқушылардың тұрақты даму үшін қажетті білім және машықтарға ие болуын, атап айтқанда, тұрақты даму және тұрақты өмір салты, адам құқықтары, гендерлік теңдік, әлем мәдениеті мен зорлық көрсетпеу, әлемнің азаматтығын насихаттау және мәдени алуан-түрлілік құндылығы мен тұрақты дамудағы мәдениеттің үлесін мойындау мәселелері бойынша білім беру арқылы қамтамасыз ету

4.a Балалардың мүдделерін, мүгедектердің ерекше мұқтаждықтарын және гендерлік аспектілерді ескеретін оқу орындарын құру және жетілдіру, зорлық-зомбылықтан және әлеуметтік кедергілерден азат қауіпсіз, тиімді оқыту ортасын қамтамасыз ету

4.b 2020 жылға дейін дамыған және басқа да дамушы елдерде кәсіптік-техникалық білімді және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, техникалық, инженерлік және ғылыми бағдарламаларды есептегенде, жоғары білім алу үшін дамушы, әсіресе нашар дамыған елдерге, шағын аралдық дамушы мемлекеттер және африкалық елдерге ұсынылатын шәкіртақылар мөлшерін бүкіл әлем бойынша көбейту

4.c 2030 жылға қарай білікті мұғалімдердің санын, оның ішінде дамушы елдерде, әсіресе төмен дамыған елдерде және шағын аралдағы дамушы мемлекеттерде мұғалімдерді даярлауда халықаралық ынтымақтастық арқылы едәуір ұлғайту

Қазақстанда келесі міндеттер қабылданды: 4.1, 4.2, 4.3, 4.4, 4.5, 4.6, 4.a, 4.c

ECONOMIC RESEARCH INSTITUTE QAZAQSTAN